*№43 «Гүлдәурен» балабақшасы*

# Екі жұлдыз

**(жанұядық ән байқауы)**



Өткізгендер: Абубакирова А.Т:
Сатиева Ж.К
Алтай А.Е

Ақтөбе- 2024 жыл.

Сканировано с CamScanner

## Тақырыбы: «Екі жұлдыз»

**Мақсаты:** Ата - ананың балаға деген сүйіспеншілігін байқау; өзінің және өзгенің даралығын бағалау, өзін құрметтеу; көңіл - күйді көтеру, сезім мен эмоцияны реттеу; ата - ананың бала тәрбиелеудегі оң психологиялық көзқарасын, балаға деген жауапкершілік сезімін қалыптастыру.

**Барысы:** *Фанфары ойналады*

(музыка ойналады,жүргізуші ортаға шығады)

**Жүргізуші:** Қайырлы күн құрметтіән сүйер қауым! № 43 «Гүлдәурен» балабақшасында ұйымдастырылып отырған «Екі жұлдыз» жанұялық ән байқауына қош келдіңіздер!

*(Қол соғылады)*

**Би: «Жұлдыздар биі»**

**Жүргізуші:**

- Армысың балабақша қауымдары,
Жайнасын көңілдердің жасыл бағы.
Ән шашу, әсем әуен, түрлі өнер,
Ұрпақпен өмір жолы жалғанады.
Бүгінгі күн сіздерге арналады,
Көңілді күндер тусын алдан әлі.
Сіздер үшін осы кеш ашылады,
Сіздер үшін жұлдыздар сайысады.

- **«Екі жұлдыз»** байқауына қатысушы жұптарды ортаға шақырайық,.

*(музыка әуенімен байқауға қатысушы жұптар ортаға шығады)*

**Жүргізуші:** Енді сіздерді бүгінгі байқауымызды бағалайтын әділ қазылар алқасымен таныстырып өтейік:

Шокпарова Кульсим Тюлумбаевна *(балабақша меңгерушісі)*

Жетмекова Гулдар Урнаевна *(балабақша әдіскері)*

Карлаш Тулегеновна (психолог)

*(Орындаушы жұптармен таныстырып өту)*

**«Гүлдер» тобы Ғабит Абдуллаһ. Анасы: Махамбеталина Айгерим Бердигазиевна**

**«Гүлдер» тобы: Арыстанғалиева Айкун. Анасы: Орманова Гүлмарал Жауынбайқызы**

**«Күншуақ» тобы: Ермекбаева Жанайым. Ағасы: Ермекбаев Ерасыл.**

**«Таңшолпан» тобы: Шындаулы Айзере. Шындаулы Айсафия. Анасы: Алиханова Анар.**

**«Қошақан» тобы: Бақтыбай Алинур Аманайұлы. Анасы: Жұмабаева Кенжегул Молдагалиева.**

Сканировано с CamScanner

**«Алақай» тобы: Ғалымжанов Алихан.**
**Анасы: Ташпенова Құралай**

**«Достық» тобы: Батыршина Аяла**
**Анасы: Батыршина Жаннагуль Қайыржановна**

**«Гүлдәурен» тобы: Салманова Көркемай**
**Анасы: Сайманова Мадина**

**«Ботақан» тобы: Бергазина Амелия Азаматовна**
**Анасы: Бергазина Сәнім Русланқызы**

Орындаушы жұптармен таныс болсақ, енді сайысымыздың шартымен таныстырып өтейік. Бірінші кезеңде- «Еркін тақырыпта» әндер орындау. Екінші кезеңде – «Сән үлгісі» ертегі кейіпкерлерін сомдау.
Байқауға қатысушы сайыскерлерімізді қошеметпен өз кезектері келгенше шығарып салайық..
**Жүргізуші:** Уақыт ұшып барады от қанатты
Жақындатып жырақтан болашақты
Кәрі ойлайды бүгінге берешекті
Жас ойлайды ертеңнен алашақты – дей отыра Уақыт әнімен алғашқы жұбымызды ортаға шақырамыз
***«Гүлдер» тобы Ғабит Абдуллаh. Анасы: Махамбеталина Айгерим Бердигазиевна***
***Орындайтын әні: «Уақыт»***

**Жүргізуші:** Ақ қалпақты қырғызымның бір қызы
Қазағымның гүліндейсің қырмызы
Қара түнде шұғыласын шашатын
Жұлдыздайсың жарқыраған нұрлы ізі
***«Гүлдер» тобы: Арыстангалиева Айкун. Анасы: Орманова Гулмарал Жауынбайқызының орындауында «Қырғыз қызы»әні. Қарсы алайық.***

**Жүргізуші:** Бауыр барда бақытсызбын дей көрме
Өз басыңның қамын ғана жей көрме
Қан мен жаның бір тамырдан жаралған
Бауыр барда бақытсызбын дей көрме- дегендей
**«Күншуақ» тобының ағалы қарындасты жұбы Ермекбаева Жанайыммен Ағасы: Ермекбаев Ерасылдың орындауында «Аға мен қарындас» әні. Қошеметтеп қарсы алайық.**

**Жүргізуші:** Анам саған жыр жазармын әлі көп

Сканировано с CamScanner

Тұрса егер қаламымның әлі кеп
Сен туралы ой толғасам тұрады
Таңдайыма ақ сүтіңнің дәмі кеп!
«Аяулы анашым» әнімен ортаға
**«Таңшолпан» тобынан келіп отырған жұптарымыз Шындаулы Айзере. Шындаулы Айсафия. Анасы: Алиханова Анарды қошеметтеп қарсы алайық**

**Жүргізуші:** Бақшамыздың жұлдыздары өнері асқан,
Билейді мың бұралып бала жастан.
Қайда біздің өнерпаз қыздарымыз,
Ортаға шығыңдаршы тартынбастан.
**Би : «Радуга» биі**

**Жүргізуші:** Мейірім төккен баршаға
Онымен өмір қаншама?
Анасыз өмір болама,
Айтыңдаршы, баршаң да? –деп **ақындар қаншама жыр аранады десеңізші. Келесі жұбымыз «Қошақан» тобынан Бақтыбай Алинур Аманайұлы мен Анасы: Жұмабаева Кенжегул Молдагалиевнаны**
**«Ана туралы жыр» әнімен қарсы алайық.**

**Жүргізуші:** Анашым асыл анам, есіл анам,
Елжіреп есіркеймін, есіме алам.
Мен үшін сен суалтқан ақ сүтіңді
Ақтамасам, боп жүрмін несіне алам- деп Мұқағали Мақатаев ақын ағамыз жырлағандай, келесі тыңдайтын әніміз **«Анашым» әні болғалы тұр ендеше ортаға «Алақай» тобынан: Ғалымжанов Алихан мен Анасы: Ташпенова Құралайды қарсы алайық.**

**Жүргізуші:** Сүйемін мен ата әжемді
Екеуінің ізімін.
Атам маған бата берді,
Әжем берді жүзігін. Деп әндете келген
**«Достық» тобынан Батыршина Аяла мен анасы: Батыршина Жаннагуль Қайыржановнаны «Жақсы көрем ата әжемді» әнімен қарсы аламыз**

**Жүргізуші:** Балалық шақ қайталанбас бақыт қой
Қымбат екен әрбір өткен уақыты
Ата –ана ғой қабағына қараған.
Мейірім төгіп қамкор болып әрқашан
**«Гүлдәурен» тобы: Салманова Көркемай Апасы: Сайманова Мадина «Еркелей біл балалық» аты әнімен қарсы алайық**

Сканировано с CamScanner

**Жүргізуші:** Іңгәләйсің күтпей таңның атқанын.
Сенің іңгәң бақыт күйім ,тәтті әнім.
Бұлт- бұлт етіп талпынасың тынымсыз
Сүп сүйкімді кіп –кішкентай әппағым
**«Ана мен сәби» әні «Ботақан» тобы: Бергазина Амелия Азаматовна**
**Анасы: Бергазина Сәнім Русланқызының орындауында , қарсы алайық**
Екінші кезеңде – «Сән үлгісі» ертегі кейіпкерлерін сомдау.
**Би: «Микки маус биі» «Күншуақ» тобының балалары**
Балабақшамыздағы музыка жетекшісі, ортамызға жаңадан қосылған жас маман Алтай Әсем Ерланқызын «Жүрегімде жүрсің сен» әнімен қарсы алайық.
Байқауға қатысушы жұптарымызды рет ретімен ортаға шақырайық
**«Гүлдер» тобы Ғабит Абдуллаһ. Анасы: Махамбеталина Айгерим Бердигазиевна**

**«Гүлдер» тобы: Арыстанғалиева Айкун. Анасы: Орманова Гүлмарал Жауынбайқызы**

**«Күншуақ» тобы: Ермекбаева Жанайым. Ағасы: Ермекбаев Ерасыл.**

**«Таңшолпан» тобы: Шындаулы Айзере. Шындаулы Айсафия.**
**Анасы: Алиханова Анар.**

**«Қошақан» тобы: Бақтыбай Алинур Аманайұлы.**
**Анасы: Жұмабаева Кенжегул Молдагалиева.**

**«Алақай» тобы: Ғалымжанов Алихан.**
**Анасы: Ташпенова Құралай**

**«Достық» тобы: Батыршина Аяла**
**Анасы: Батыршина Жаннагуль Қайыржановна**

**«Гүлдәурен» тобы: Салманова Көркемай**
**Апасы: Сайманова Мадина**

**«Ботақан» тобы: Бергазина Амелия Азаматовна**
**Анасы: Бергазина Сәнім Русланқызы**

Сканировано с CamScanner

**Жүргізуші:** Осымен **«Екі жұлдыз»** жанұялық ән байқауы өз мәресіне жетті.
Қошеметпен ортаға сайыскерлерімізді шақырайық.
Кім өнерлі, бұл кеште үміт алда,
Қобалжу бар жүректе күдік барда
Әділ қазы алқасы атыңды ақта
Жұлдыздарға арман мен бақыт жолда.
Күнде жиын бола бермес дәл осындай
Күн сайын өркендейміз өзгереміз
Ұл-қызың бақыты үшін ғұмыр кешкен,
Алдымызда отырған әділ-қазы қонаққа сөз береміз.
**Марапаттау**
Көңілдің ақ тілегін қол етеміз,
Тілектер мен нығайсын мерекеміз.
Баршаңызға жолдаймыз аппақ алғыс,
Осы мен аяқталды байқауымыз.
Көңіл бөліп тамашалағандарыңызға көп-көп рахмет.
Жолыққанша күн жақсы, ел аман болсын!
***(«Екі жұлдыз» әні орындалады)***

Сканировано с CamScanner

**Ақтөбе қаласының білім бөлімі ММ**
**№43 «Гүлдәурен» балабақшасы МКҚК**

**«Бекітемін»**
**№43 «Гүлдәурен» балабақша**
**меңгерушісі________**
**Шокпарова К.Т.**

# Сайыс: «Әке көрген – оқ жонар, шеше көрген тон пішер»

**«Ортаңғы» топтар**



**2024-2025ж.**

Сканировано с CamScanner

***Тақырыбы:* «Әке көрген – оқ жонар, шеше көрген тон пішер»**
**Мақсаты:** ата – бабамыздан ұрпақтан – ұрпаққа беріліп келе жатқан ұлттық тәрбие туралы түсінік беру. Жанұя арасындағы байланыс, әкенің ұлға, шешенің қызға тәрбиесінің ықпалын айтып, балаларды бірін – бірі сыйлай білуге, қамқорлыққа, әдептілікке тәрбиелеу.
**Түрі:** отбасылық сайыс

**I. Кіріспе**

Құрметті ұстаздар, ата – аналар, қонақтар. Бүгінгі «Гүлдәурен» балабақшасында ортаңғы топ ата – аналарының арасындағы «Әке көрген – оқ жонар, шеше көрген – тон пішер» атты отбасылық сайысына қош келдіңіздер!

Атам қазақ «Бала – адамның бауыр еті», «Балалы үй - базар» дейді. Өйткені, бала- өмірдің жалғасы, отбасының жеміс берер гүлі. Отбасы – бұл қоғамның негізі. Баланың болашақта жақсы азамат болып өсуі, жан – жақты тәрбиелі болуы отбасында берілетін ұлттық тәрбиеге тікелей байланысты.

Ендеше, бар жұмыстарын жиып тастап, саналы да тәрбиелі болашақ ұрпақтың іргетасын қалауға ат салысып, бүгінгі сайысымызға қатысуға келген отбасыларды қарсы алайық!

«Балапан» тобының қатысушылары:
1. Анасы - Ербулекова Айжан Бақытқызы, баласы – Қонысбай Алдияр.
2. Анасы – Абдулова Гүлжан Нұрбековна, баласы – Самат Ясина.

«Балбөбек» тобының қатысушылары:
1. Анасы – Алитурлиева Айлана, қызы – Алитурлиева Айбибі.
2. Каукарова Зульфия Янбулатовна, қызы – Давлеткереева Аяна.

«Балдырған» тобының қатысушылары:
1. Анасы- Алиханова Анар Ернұрқызы, қызы – Шындаулы Кәусар.
2. Анасы – Балабаева Зарина Сагингалиевна, баласы – Асқаров Әділет.

«Радуга» тобының қатысушылары:
1. Анасы – Дармышева Айгерім Сәкенқызы, баласы – Дармышев Тамерлан.
2. Анасы – Камалова Анара Жайбергеновна, баласы – Камалов Аль-Карим.

**Жүргізуші:**
Әр жанұя иесі сайыста бағын сынамақ,
Салт дәстүрді меңгеріп, сайыс тобын құрамақ.
Әділқазы алқасы, өнерлерін көріңіз,
Үлкен сенім іздерге, әділ үкім беріңіз- деп бүгінгі сайысты әділ бағалайтын, қазылар алқасымен танысайық.

**№43 «Гүлдәурен» балабақшасының меңгерушісі:** Шокпарова К.Т.
**Балабақшамыздың әдіскері:** Саттыкова А.А.
**Психолог:** Жамалова К.Т.
**Дене шынықтыру нұсқаушысы:** Какимова В.Е.

Сайысымызды салтанатты түрде ашық деп жарияламас бұрын сөз кезегін балабақшамыздың меңгерушісі Кульсим Тюлюмбаевнаға берсек.

**Би: «Домбыра»**

**Жүргізуші:** Сайысымызды бастамас бұрын әр отбасының реттік санын біліп алайық. Ол үшін балапандарымыз кезекпен келіп, қоржын ішінен асық таңдауларын сұраймыз.

Сканировано с CamScanner

**Байқаудың шарттарымен таныс болаңыздар:**

Байқау 4 бөлімнен тұрады.

1. «Жеті атасын білген ер, жеті жұрттың қамын жер»
   *( әр топ өзін таныстырады)*
2. «Әке көрген – оқ жонар, шеше көрген – тон пішер»
   *(шеберлік сайысы, үй тапсырмасы видео)*
3. «Халық тәлімі – тәрбие бастауы»
   *(ой өрбіту)*
4. «Жүйріктен жүйрік озар жарысқанда»
   *(әр отбасы өз өнерлерін көрсету)*

Сергіту сәті: «Сызылған күй – көңілді би»
*(аналар музыкалық аспапта ойнайды)*

**Жүргізуші:**

Кері кету есігін біз ашпайық,
Отбасында біз ұранды тастайық
Ең бірінші кезегіміз – танысу
Ал, кәнекей, сайысымызды бастайық

**I кезең. *«Жеті атасын білген ер,***
***Жеті жұрттың қамын жер»***

Әр отбасы өздерін таныстырады.

**II кезең. *«Әке көрген – оқ жонар, шеше көрген – тон пішер»***

Асқар таудың шыңдарына өрлер кім,
Аттанайық қиясына белдердің
Оу, халайық, көрейік біз ендеше,
Үлгі берер аналардың сайысын, - дей келе сайысқа қатысушыларымыз
рет ретімен өз шеберліктерін көрсетіп өтсе.

**III кезең. *«Халық тәлімі – тәрбие бастауы»***

(ой өрбіту)

Әдет – ғұрып, салт – дәстүрді қазақтың
Жарасымды,ұнасымды ғажап шың
Ұмыт болған дәстүрлерді сақтайық,
Насихаттап жаңартудан қашпайық!

Әр отбасы тақтада ілулі тұрған шарды жару арқылы, ішіндегі тапсырмаларды орындайды. (Берілген сөзге қатысты салт-дәстүр, ойын түрін түсіндіріп өту/ Балалар сол затты қалаған әдіспен бейнелейді.)

**IV кезең. *«Жүйріктен жүйрік озар жарысқанда »***

Ат өнері білінбес,
Бәйгеге түсіп жарыспай.
Ер өнері білінбес,
Қоян қолтық алыспай, - дегендей әр отбасы өз өнерлерін ортаға салсын.

**Сергіту сәті: «Сызылған күй – көңілді би»**

Сканировано с CamScanner

**Жүргізуші:** Бұл бүгінгі сайысымыздың соңғы кезеңі болатын. Әділқазылар алқасы қорытынды шығарып болғанша, кезекті музыка жетекшісі Әсем Алтайқызының әсем әніне берсек...

**Қорытынды: «Сырмақ сыру»**
Құрметті ата – аналар сайысымыздың соңында өз қолдарыңызбен әдемі оюлар ойып, жылы жүректен шыққан тілектерімізді оюларға жазып, сырмақты сәндеп берсеңіздер Бүгінгі тамаша бас қосудан балабақшамызға естелік болып қалсын.
*(Аналарымыз ою ойып, сол оюға өз тілектерін жазып, сырмақты сәндейді)*

Білімнің мініп алып тұлпарына,
Қиналмай шықтым бүгін шыңдарына
Отбасы сайысы да аяқталды
Сөз кезегін береміз әділқазы алқасына –
деп, қорытынды сөз кезегі әділқазылар алқасында.
*(Әділқазылар қорытындысын шығарып, жеңімпаздарды марапаттайды.)*
**Аяқтау**
Осымен бұл қызықты тамамдасақ,
Бұл жайды айтамыз ба жаман болсақ,
Үйрендік білмегенді осы жерден
Тағы да үйренерміз аман болсақ.
Жеңістеріңіз құтты болсын! Сау – саламатта болыңыздар! Алтын уақыттарыңызды қиып, қатысқандарыңызға көп – көп рахмет!

Сканировано с CamScanner









Сканировано с CamScanner

**«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ**
**№43 «Гүлдәурен» балабақшасы МКҚК**

**БЕКІТІЛДІ**
**№43 «Гүлдәурен» балабақша**
**меңгерушісі: ______ К.Т.Шокпарова**

# «Әжелердің сиқырлы қолдары!»
# мектепалды топтар арасында іс-шара



**2024-2025 оқу жылы**

Сканировано с CamScanner

**Мақсаты:** Бала өмір жалғасы ,халықтың мұрагері,әже тәрбиесінің бала өмірінде алатын орны туралы түсінік беру. Қазақтың ұмытылып келе жатырған салт-дәстүрлерімен кішкентай бүлдіршіндерімізді таныстыру.

**Барысы:**

1. Ұйымдастыру кезеңі



Құрметті әжелер , армысыздар,
Бәріңізде есен-саумысыздар.
Үлкен кіші, жасыңыз,кәріңізде.
Төрлетіңіз кадірменді әжелер.
Гүл-гүл жайнап мыңау біздің төрімізге.

Немере үшін ең мейірімді жан-әже. Ак сүт берген аналарымыздың , әжелеріміздің анасы-әже. «Жан-жүрегім, жарығым»деп немересін ,шөбересін жүрегіне теңейтінде әже.

Балабақша меңгерушісі К.Т. Шокпароваға сөз кезегін береміз.



Құрметті қонақтар бүгін әжелер мектебінің ашылу кешіне қош келдіңіздер! Олай болса ортамыздан Акмырза Шырынның әжесін ортаға шақырайық . (лента кесіледі)

Ендігі кезекте немерлеріңіздің өнерлерін тамашалайық.
«Таңшолпан» тобының
«Қазақ биін» тамашаларыңыздар.

**Жүргізуші:**Әжемнің саясында ер жетем мен
Аялы ақ бесігі тербетілген
Әжемдей ак нетті абзал жанды,
Таппаймын айналсамда жер бетінде.

Балабақшамыздағы мектепалды тобы бүлдіршіндерінің «әжетайым » әнін қабыл алыңыздар.
Ортаға қыздарымыздың «Домбыра » биін тамашалаймыз.





**1.кезең:** «Сәлем сөздің анасы»
(таныстыру)
**2.кезең:** «Өнерлінің қолы алтын,
Өлеңшінің сөзі алтын» (қолөнер)
**3.кезең:** «Халық тәлімі тәрбие бастауы»
(мақал-мәтел)
4.кезең: «Сыр сандық» (Сұрақ-жауап)



1.кезең: «Сәлем сөздің анасы» дегендей
Сөз кезегі өздеріңізге беріледі. Немерелер әжелерін таныстырады.

**Жүргізуші:** Аңыз болған жоғалмай сан ғасырға,
Салт-дәстүрі халқымның жалғасуда,
Қолөнер дәмі сәнділікпен
Көз тартып ұрпақтарға алмасуда, - дегендей біздің

**2 кезеңіміз** «Сырсандық» деп аталады яғни алдарымыздағы сұрақтарды алып жауап беріп көрейік.

**N° 1 сұрақ**

1. Тілашар қай кезде жасалады?

Сканировано с CamScanner

2.Балаларыңызға дастархан басында қандай ескерту көп жасайсыз?
3. Үйқасын табыңыз:Өзінше нояи, қорқақ қоян.

**№ 2 сұрақ**

1. Жеті ата қалай аталады?
(Ата,әке, бала,немере,шөбере,шөпшек,немене)
2.Немелеріңізге ертегі айтып бересіз бе?
(бір ертегі айтып беріңіз)
3. Үйқасын табыңыз: Үні ғажап
дүлдүл, Бақта сайрар бұлбл.



**№ 3 сұрақ**

1. Үш арсыз қалай аталады?
   (ұйқы арсыз, тамақ арсыз,күлкі арсыз)
2.Қазақ халқы баласына қандай тәрбие
береді?
(Басқа ел халықтарынан ерекшелігі)
2. Үйқасын табыңыз:
Тұмсығымен теріп шымшып, Құрт тереді шымшық.

**№4 сұрақ**

1.Әженің бала тәрбиесіндегі маңызы
қандай?
2. Бес дұшпанды атаңыз. (өсек,өтірік, еріншек,мақтаншақ, бекер мал
шашпақ)

**Жүргізуші:**Қазақ халқының үлгі , тәрбие құралдарының бірі мақал-мәтелдер. Бұл сөздер есі кірген балаларды жаман әдеттен , жат пиғылдан, орынсыз қылық, теріс мінездерден сақтандырады. Олай болса біздің 3 кезеңіміз «Өнерлінің қолы алтын» деп аталады әжелерімізге үй тапсырмасы берілген болатын өз қолдарынан жасаған заттарымен таныстыру.

**Жүргізуші:** әже маған үлгі сөзіңіз,
Өнегесіз өзіңіз.
Жақсылыққа талпынар
Біздің нағыз көзіміз.
Жамандық деген немене
Осындайда әжетай ,
Айтыңызшы өнеге,-деп кезекті «Халық тәлімі тәрбие бастауы»атты 4 кезеңіне береміз.





Мақал мәтелдің жалғасын табу.

**№ 1 мақал.**

1. Сабырлының бағына алма бітер,
Сабырсыздың бағына қураі бітер
2.Құр судан май шықпайды,
Құр сөзден мән шықпайды.
3. Мал басынан байланады,
Адам тілінен байланады.





**№ 2 мақал.**

1.Көп қыдырған кезбе болар,
Көп сөйлеген езбе болар.
2. Сезген емес,білгеніңді айт,
Естіген емес көргеніңді айт.
3. Ақымақ ішкен жегенін айтады,
Ақылды көрген білгенін айтады.



**№ 3 мақал**

Таққа да отырар.
2. Ағайын - туғанның қызығы алыс-беріс,
Құдалықтың қызығы барыс-келіс.
3. Жақсының айтқан ақылы,
Алма ,шекер балмен тең.

**№ 4 мақал**

1 Жаманмен жолдас болсаң кесірі жұғар,

Сканировано с CamScanner

Жақсымен жолдас болсаң несібі жұтар.
2. Адал еңбек аздырмас,
Арамдық бойды жаздырмас.
3 .Еңбек етпесең елге өкпелеме,
Егін екпесең жерге өкпелеме.
**№ 5 мақал**
1.Ермек қуған пәлеге жолығады,
Еңбек қуған қазынаға жолығады.
2. Жүйрік тоқтығын білдірмес,
Жомарт жоқтығын білдірмес.
3. Бала күлкіге тоймас,
Жаман ұйқыға тоймас.
**№ 6 мақал**
1. Айтулы достың малы бір,
Кемедегінің жаны бір
2. Еңбек етте мақтан,
Ойнап күлде шаттан.
3. Жаның сау болса ,сорлымын деме,
Тәнің сау болса,жарлымын деме.





**Жүргізуші:** Әжем шағын зауыттай,
Ас пісірер жалықпай
Қолдан шыққан мәзірі,
Тіл үйірер балдай,-деп соңғы кезеңіміз 6 таныстырады.
**Жүргізуші**: Ана жанын әже болсаң ұғарсың,
Алдыңдағы ол биік құзар шың,
Немере үшін кеуде керіп мақтанып,
Немере үшін биіктенде құларсың,-дей келе бүгінгі сайысымызда мәреге жетті.Бүгінгі сайыска қатысқан барша әжелерімізге өздерінің үлгі өнегелерін мына отырған ұрпақтарына көрсетті деп есептеймін. Олай болса әдемі дастарханымыздан дәм татыңыздар...
**Жүргізуші:** Әже мерейі күн көзімен парапар,
Тұла бойға қуат беріп таратар. Өзімізге шуақ шашып әркашан, Көп жасаңыз ақ ниетті әжелер,-дей отырып бүгінгі қатысқан ақ ниетті әжелермізге рахмет айтамыз. ( сыйлық тарату)



Сканировано с CamScanner





Сканировано с CamScanner